

## Жапония Үкіметінің жобалық емес грантын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 31 шілдедегі N 1187

Жапония Үкіметінің 800 000 000 (сегіз жүз миллион) жапон йені сомасындағы жобалық емес грантын жүзеге асыру және оны тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Грант қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуы үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктеледі деп белгіленсін.

2. Жапония Үкіметі тегін көмек ретінде ұсынған және гранттың есебінен қаржыландырылатын әкелінетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтер қосылған құнға салынатын салық пен кеден төлемдерінен босатылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі:

екі апталық мерзім ішінде гранттың қаражатына сатып алынатын тауарларды алушыларды айқындасын;

Жапония Үкіметі ұсынған қабылданымды тауарлар тізімінің негізінде сатып алу үшін қажетті тауарлардың құні бұрынғы тізімін дайындасын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Жапонияның Токио-Митцубиси Банкімен келісім бойынша гранттың шоттарына қызмет көрсетуге байланысты банктік және жолай шығыстарды республикалық бюджеттің қаражатынан төлеуді қарастырысın;

тауарларды алушылармен олардың құнын қайтарған сәттегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкіндегі депозиттік шотқа қайтару туралы келісім жасасын.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу

жөніндегі комитеті;

осы жобаны жүзеге асыруды жалпы үйлестіруді жүзеге асырын;

Жапонияның Токио-Митцубиси Банкінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотын ашсын;

Жапонияның Үкіметі айқындаған Crown Agents (Ұлыбритания) тәуелсіз атқарушы агенттігімен келісім-шарт жасасын;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкінде депозиттік шот ашсын;

Жапония Үкіметіне Қазақстан Республикасы мемлекеттік Бюджеттік банкінің депозиттік шотына түскен түсімдер туралы есептер ұсынсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК